

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 және 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулыларына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 7 маусым N 611

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар мен өзгеріс енгізілсін:

1) "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 P011715\_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

IV "Шығындар" бөлімінде:

5 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

2 "Халықтың денсаулығын қорғау" ішкі функциясында:

226 "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" әкімшісі бойынша:

051 "Қатерлі жұқпалы аурулардың алдын алу және оларға қарсы күрес жүргізу" бағдарламасында:

030 "Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Маңғыстау, Шымкент, Қызылорда обаға қарсы күрес станциялары" кіші бағдарламасының 2-бағанында "Қызылорда" деген сөзден кейін ", Жамбыл, Шалқар" деген сөздермен толықтырылсын.

2) "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 P020143\_ қаулысына:

көрсетілген қаулыға 16-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары" 6-тармағында:

030 "Обаға қарсы күрес станциялары: Атырау, Арал теңізі, Ақтөбе, Орал, Талдықорған, Қызылорда, Маңғыстау, Шымкент" кіші бағдарламасында:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" 5-бағанында:

"Ақтөбе - 106 бірлік" деген сөздер "Ақтөбе - 58 бірлік" деген

сөздермен, "Шымкент - 150 бірлік" деген сөздер "Шымкент - 99 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Орал - 296 бірлік" деген сөздерден кейін ", Жамбыл - 51 бірлік,

Шалқар - 48 бірлік" деген сөздермен толықтырылсын;  
көрсетілген Жоспардың 4, 7-бағандарында:

"Қызылорда" деген сөзден кейін ", Жамбыл, Шалқар" деген сөздермен  
толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева А.Ж.